



БҰЙРЫҚ

20.06.2022 №157 н/б

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

город Ақтау

Білім беру ұйымдары басшысын аттестаттау туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» №83 бұйырығына және аттестаттау комиссиясының хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының келесі басшысы өтініш берген біліктілік санатына аттестатталсын:

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Өтініш берген біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты
1	Утебаев Мазилбек Нурбосынович	«Мұрын жырау Сенгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі» МКҚК, басшысы	Басшы-менеджер	Басшы-менеджер

2. Аттестациядан өткен білім беру ұйымдарының басшысына қолданыстағы заңнамаға сәйкес қосымша үстеме ақылар 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап төленсін.

3. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау басқарма басшысының орынбасары Г.Мамаеваға жүктелсін.

Басқарма басшысының м.а.

Д. Жұмашева

000138



БҰЙРЫҚ

01.08.2022 № 98 қаз

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

город Ақтау

**Білім беру ұйымдарының
басшыларын ауыстыру тәртібімен
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 38-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 6-бабы 3-тармағының 27-1) тармақшасына, ҚР Үкіметінің 04.12.2014 жылғы №540 қаулысымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету» ережесіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 14-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ротациялаудан өткен келесі басшылар 2022 жылдың 01 тамызынан бастап ротациялау тәртібімен 5 жылға:

1. Каирбаев
Утеген Тлегенович

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры лауазымынан босатылып, Маңғыстау облысының білім басқармасының «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры лауазымына;

Копиясы



Ақтау

000176

2. Утебаев
Мазилбек Нурбосынович

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Мұрын жырау Сенгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры лауазымынан босатылып, Маңғыстау облысының білім басқармасының «Маңғыстау туризм колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры лауазымына тағайындалсын.

2. Басшылардың пайдаланылмаған еңбек демалыстары қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жаңа жұмыс орындарынан берілсін.
3. Аталған тұлғаларға жаңадан тағайындалған мекемелердің қаржылық құжаттарына бірінші қол қою құқығы берілсін.

Негіздеме: «Маңғыстау облысының білім басқармасы» ММ жанындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия отырысының №1 хаттамасы.

Басқарма басшысы

Д. Жұмашева

Копия
Жұмаев

